

TERMINOLOGIALYQ
HABARSHY

№ 1 (58) 2020

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы
Республикалық терминология комиссиясының бюллетені

TERMINOLOGIALYQ
HABARSHY

№1 (58) 2020

Бас редактор

Ш. Құрманбайұлы

Жауапты редактор

Қ. Есентаев

*ҚР Мәдениет, ақпарат
және қоғамдық келімісім
министрлігінде тіркеліп,
тіркеу туралы
2002 жылғы 27 мамырда
№2993 – куәлігі берілген.*

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитеті

Редакциялық алқаның төрағасы

А. Райымқұлова

Редакциялық алқа

Ғ. Мелдешов

М. Бақтиярұлы

С. Абдрахманов

М. Ахметов

Ж. Жақсымбетов

Д. Омашұлы

Б. Сағын

М. Айымбетов

С. Әлісжан

Ж. Әшімжан

Қ. Әуесбай

АЛҒЫ СӨЗ

Терминология саласына сала мамандарының белсенділігін, жұртшылықтың қызығушылығын арттыру, терминологияның өзекті мәселелеріне назар аударту мақсатында «Терминологиялық хабаршы» бюллетені биылдан бастап электрондық нұсқада тарайды.

Бюллетен бетінде ұлттық терминологияның даму, өркендеу, өсу және кейбір шешімін күткен өткір мәселелері көтеріледі. Сондай-ақ орталықта атқарылып жатқан маңызды жобалар туралы материалдар жарияланады.

Ұлттық терминологиялық қорды толықтыруды көздейтін «Қазақ терминологиясының мазмұны мен құрылымы» электрондық алаңында (бұдан әрі – Алаң) сұрақ-жауап форматындағы офлайн және онлайн конференция, семинарлар ұйымдастырылады. Алаң ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия мүшелері лингвистикалық сараптама жасалған салалық терминдерді талқылайды, келіспеген жағдайда терминнің балама нұсқасын ұсынады, нұсқаларға дауыс береді. Талқыланып терминдер комиссия отырысында қаралып, шешім қабылданады.

Төтенше жағдай кезінде ұйымдастырылған онлайн-байқау – қазақ тіліндегі терминдердің үлес салмағын арттыруға, ұтымды термин ұсынушы тіл жанашырларын анықтау, қолдау мақсатын көздеді. Ал Байқауға Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен өңірлерден 14 адам қатысты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия мүшелерінің ұлттық терминология, терминжасам саласындағы қызметі жөнінде өзекті мақалалар беріледі.

Ұлттық қазақ терминологиясының алдағы міндеттерін нақтылауға байланысты жұмыстары насихатталады.

Әлбетте:

- «Қазақ терминологиясының мазмұны мен құрылымы» электрондық алаңының жұмысын жетілдіру;
- Терминдерді біріздендірудің критерийлері мен принциптерін айқындап, нұсқаулығын шығарып, талқылаудан өткізу;
- 2012-2019 жылдар аралығында бекітілген терминдер жинағын шығару;

- 2017-2019 жылдар аралығындағы бекітілген терминдердің электрондық нұсқасын әзірлеп, сайтта орналастыру;

- жаңа әліпби мен оның емле ережелері негізінде терминдерді таңбалау мәселелерін талқылау жүргізіледі.

Ал «Терминологиялық хабаршы» бюллетенінің электрондық нұсқасы көпшіліктің термин, терминология туралы жан-жақты ақпарат алатын таным алаңына айналады деген үміттеміз.

Бас редактор бағаны

Шерубай Құрманбайұлы,

ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі

филология ғылымдарының докторы, профессор

САЛАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖҮЙЕСІ – ҒЫЛЫМ ТІЛІНІҢ НЕГІЗІ

Кез келген ғылым саласының дамуы сол саланың барлық ұғымдарының мазмұнын дәл бейнелеп бере алатын, ұғымдар жүйесіндегі әр ғылыми ұғымның орнын, олардың иерархиясын, өзара байланысын тілдік тұрғыдан да жүйелеп бере алатын атауларға, жетілген, қалыптасқан терминжүйеге тікелей тәуелді. Белгілі бір ғылыми ұғымның затын тану үшін оның атын білу қажет. Мысалы, *біз бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш* деген терминдермен танысып, олардың нені білдіретінін түсінгеннен кейін ғана, «сөйлемнің» және «сөйлем мүшелерінің» не екенін толық ұғынып, қабылдай аламыз. Сол сияқты *дыбыс, әріп, буын, фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, мәтін, стиль* және т.б. осылар сияқты ондаған, жүздеген терминдерсіз лингвистика ғылымын елестету, ол туралы сөз қозғау мүмкін емес. Егер белгілі бір арнаулы саланың терминдері жасалмаса, олар тілдік тұрғыдан да жүйеленіп қалыптаспаса, біз ол ғылымды оқып-игеріп, өзгелерге үйрету мүмкіндігіне де ие бола алмаймыз.

Салалық терминология – ғылым мен техниканың, өнер-білмінің немесе басқа да адам қызметі мен кәсібінің белгілі бір саласындағы арнаулы ұғымдар атауларының жиынтығы. Бұл атаулар әркімнің қалауымен, еш ретсіз жинақтала салмайды. Ол саланы құрайтын ұғымдардың әрқайсының мазмұнын, басты белгілерін, негізгі ерекшелігін қамтитын жеке атаулар немесе сөз тіркестері түрінде жасалады да, әр атау өз орнында тұратын тілдік микрожүйе құрайды. Ол жүйе сол ғылымның, арнаулы саланың ішкі мазмұны мен құрылымдық қатынасын да көрсетіп тұратын ұғымдар жүйесіне негізделіп, соған сәйкестендіріліп, соны тілдік тұрғыдан да барынша дәл бейнелеп беру үшін жасалады. Сала ұғымын дәл бейнелейтін, оған шап-шақ бола қалатын атау жасау оңай емес. Арнаулы ұғымға құйып қойғандай үйлесе кететін термин туғызу сөз шығармашылығына бейімдікті, кәсіби шеберлікті, тәжірибе мен біліктілікті, уақыт пен ізденісті қажет етеді. Осылардың бәрі термин

жасау жауапкершілігін мойнына алған маманның бір басынан үнемі табыла бермейтіндіктен, жасалған терминдер де әр уақытта мінсіз болып шықпайды. Соған байланысты терминдердің өзге баламалары ұсынылып, солардың арасынан көпшіліктің, мамандарының көңілінен шыққан бірі таңдалып алынып, қолданысқа енгізіледі. Яғни, терминдер, терминология үздіксіз дамып, жетілдеріліп отырады. Сонымен қатар терминология мәңгілік емес, ол уақытқа бағынады. Қоғам дамып, қоғамдық формациялар өзгергенде, ғылым мен технология қарқынды дамыған кезде терминология да өзгеріске ұшырып, жаңарып, ауқымы кеңейіп, толығып тұрады. Ғылым мен технологияның жаңа салаларының пайда болуына байланысты, бұрынғы терминологияның ішінен жаңа сала тармақталып шығып, оның өзіндік кіші терминжүйесі туындап отырады. Міне, осы үрдісті қалт жібермей қадағалап, ғылым салаларының даму үдерісінен қалып қоймай, жаңа пайда болған ұғымдарды ғана емес, тұтастай ұғымдар жүйесін тілдік тұрғыдан да таңбалап, жүйелеп отыру өте маңызды. Бұл – ұлт тілінің өміршеңдігінің, оның өркениет көшінен қалмай, ғылым тілі ретінде қатар өркендеуінің көрінісі. Мәселеге осы тұрғыдан қарағанда, «Біздің салалық терминологиямыз, терминжүйеміз қалай дамып жатыр, қай деңгейге түр?» деген сұрақтың туындары сөзсіз. Оған нақты жауап беру үшін қазақ тілінің барлық салалық терминологиясын арнайы зерттеп, мұқият зерделеп барып, соның негізінде қорытындыға келуге болады. Әрине, қазіргі қазақ терминологиясы бір ғасырға жуық дамып, терминтану мәселелері, түрлі салалардың терминологиясы лингвистер мен сала мамандары тарапынан зерттеліп те келеді. Осындай зерттеулер жүргізу арқылы кейбір сала терминдерінің негізгі сипаты, ерекшеліктері көрсетілді. Дегенмен, бірқатар сала терминологиясы әлі де арнайы қарастырылып, жүйелі де терең зерттеле қойған жоқ. Сол себепті ондай сала терминологиясын жетілдіру мен жүйелеу, біріздендіру жұмыстарын сапалы жүргізу қиынға соғады. Егер терминологиялық жұмыстар рет-ретімен сауатты жүргізілмесе, онда біріздендірілмеген, ретсіз, стихиялы түрде жасалған, терминдерді шет тілдерінен негізді-негізсіз қабылданған немесе қалай болса солай аударылған жүйесіз терминология қалыптасуына жол беріледі.

Салалық терминология терминдер сөздіктерінен көрініс табады. Терминография талаптарына сай сапалы жасалған салалық сөздіктер терминжүйені дәл бейнелеп береді. Сонымен қатар түсіндірме сөздік болса әр терминнің дефинициясын ашып, ал екі, үштілді аударма сөздік

болса өзге тілдегі оған сәйкес келетін терминді көрсетеді. Жалпы терминтану қолданбалы сипаты басым ғылым. Салалық терминология туралы айтқанда, оның осы ерекшелігі бірінші қатарға шығады. Оны салалық терминологиялық сөздіктерден анық көруге болады. 2011-2014 жылдар аралығында жарық көрген 30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікте» салалық терминдердің негізгілері қамтылды. Алайда бұл салалық сөздіктер ғылым мен техниканың барлық салаларын, тар салаларды түгел қамтиды дей алмаймыз.

Ғылымның әр саласында терминжасау үлгілері жасалып, термин-үлгілер (термионмодель) қалыптаса бастады. Оны отыз томдық сөздіктің үш томына алынған мына төмендегі мысалдардан анық көруге болады:

Машинажасау саласында **ҒЫШ/-ГІШ, ҚЫШ/-КІШ** үлгісімен жасалған терминдер: *бекіткіш (крепеж), бергіш (датчик), екшегіш (сепаратор), жаққыш (кисточка), жалғастырғыш (муфта), жонғыш (фреза), кескіш (резак), кесектегіш/түйіршіктегіш (окомкователь), (ойықтағыш (фальцовка), опырғыш (отбойник), соққыш (боек), сұрыптағыш (сортировка), сұқпажапқыш (шибер), сызғыш (чертилка), сықағыш (нагнетатель), тұрақтандырғыш (стабилизатор, тескіш (пробойник), тығыздағыш (уплотнитель), ұсатқыш (дробил), ұстағыш (державка), шектегіш (ограничитель), шифрашқыш (дешифратор), шығынөлшеуіш (расходомер), іріккіш (іріктегіш (рассев), іске қосқыш (пускатель), ысқылағыш (притер) және т.б. [1].*

Лингвистика саласындағы **-м, -ым, -ім** үлгісімен жасалған терминдер: *айтылым (артукуляция, произношение, произнесение), естілім (перцепция, перцептивный), жайғасым (позиция), жасалым (новообразование), жуысым (целинность), жұмсалым +ды (функциональный), көзтаным (зрительное восприятие), қабылданым (восприятие), қатысым (коммуникация), сөйленім (высказывание), түрленім (вариация, трансформация), тілтаным (лингвистика), ұшырасым (встречаемость), үйлесім (ассимиляция), үндесім (гормония, созвучие), уәждем (мотивема), уәжденім (мотивировка) және т.б. [2].*

Іс жүргізу және мұрағат ісі саласында **-ма/-ме** үлгісімен жасалған терминдер (ісқағаз атаулары): *анықтама (справка), баяндама (доклад), деректеме (реквизит), көшірме (копия), құжаттама (документация), мінездеме (характеристика), міндеттеме (обязательство), сілтеме (ссылка), түйіндеме (резюме), түсіндірме хат (пояснительная записка),*

түсініктеме (комментарий, пояснение), үзінді көшірме (выписка) хаттама (протокол) және т.б. Сондай-ақ осы салада «хат» сөзінің қатысуымен жасалған терминдер де аз емес. Мысалы: қолхат (расписка), кепілхат (гарантийное письмо), қолдаухат (ходатайство), ұсыным хат (рекомендательное письмо) және т.б. [3].

Осылай жалғастыра беруге болады. Егер барлық арнаулы сала терминологиясын тілдік тұрғыдан да осы тектес етіп жүйелеп таңбалай алсақ, салалық терминология ұлттық сипатқа ие болады. Енді терминологияның ұлттық және халықаралық сипаты дегенге келер болсақ, оған қатысты түрлі пікірлер бар. Оның бәрін тізіп жатудың қажет бола қоймас. Бір нәрсенің басы ашық. Ол – кеңестік кезеңде ғылым мен техника, білім беру мен өндіріс және басқа да көптеген маңызды салалардағы термин жүйелеріміздің үстем тілдің ықпалымен қалыптасқандығы. Сала терминдері не өзгеріссіз орыс тілінен алынды, не сол тілдің сөз жасам, термин жасам үлгісімен тікелей калькалау арқылы аударылды. Негізінен кеңестік термин қор қалыптастыру қағидаттарына сәкес орыс тіліндегі ғылыми атауларды аудармай, өз тіліміздің табиғатына бейімдемей алуға басымдық берілді. Сол себепті қазіргі қолданыстағы термин қорымыздың халықаралық сипаты басым, орыс тілімен ортақ, бірдей атаулар қоры мол. Міне, сондықтан да бізге терминологиямыздың ұлттық сипатын арттыру бағытына басымдық беру қажет. Бұл қалайда орыс тілінен іргені аулақ салу, еш негізсіз бөлектенуге ұмтылу емес. Бұл – ұлт тілінің термин жасам қабілетін арттыру, оны ғылым мен технологияның, білім берудің тілі ретінде өркендету үшін аса қажет қадам. Қазақтың ұлттық ғылым тілін жетілдіреміз, дамытамыз десек, оның термин шығармашылығына еркін араласуына кең жол ашып, тілдің жаңа терминдер тудыру мүмкіндігін, жасампаздық қабілетін күшейтуге міндеттіміз.

Мұндай маңызды міндетті жүзеге асыру үшін бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылуға тиіс. Солардың ең алдымен қолға алынуы керек дегендерін айтар болсақ, мынадай істерді атқарған жөн деп санаймыз:

Сала терминдерінің екітілді, көптілді сөздіктерін (қазақ-ағылшын-орыс-неміс-француз-араб-қытай және т.б.) жасап, олардың электрондық базасын түзу;

Сала терминологиясын құрайтын терминдердің нақты санын айқындап, олардың жасалу жолдары мен этимологиясын (қай тілден енгендігі) көрсету;

Әр сала терминологиясындағы ұлт тілінде жасалған төл терминдер

мен кірме терминдердің үлесін (тілдердің ықпалын, донор тілді, терминалмасым көздерін) айқындау;

Сала терминдерінің түсіндірмелі, энциклопедиялық сөздіктерін (электронды және қағаз нұсқада) жасау;

Әрбір ірі ғылым саласы терминологиясының құрылымдық ерекшеліктерін, оны құрайтын тар салалардың өзара байланысын схема түрінде көрсетіп, басты салаларды және одан тараған тарсалалық терминдер жүйесін саны мен иерархиясын айқындау;

Сала терминологиясын жасауда жиі қолданылатын терминжасам үлгілері мен терминбөлшектерді айқындау қажет.

Қазіргі ақпараттық технология үстемдігі орнаған заманда осы атқарылатын жұмыстардың барлығымен интернет желісі арқылы танысып-білуге, кез келген термин мен терминжүйеге қатысты іздеген ақпарат пен мәліметті жылдам алуға болатындай ыңғайлы да ортақ база құру өте маңызды. Онсыз қазақ тілінің ғылым мен технология тілі ретінде қанат жаюын қамтамасыз ету мүмкін болмайтынын түсінетін уақыт жетті. Жетіп қана қойған жоқ, ол уақыт зуылдап өтіп барады. Сол уақыт көшінен қалмай, заман талабына сай тірлік жасамасақ, қазақтың ғылым тілінің тамырына қан жүгірте алмаймыз. Қазіргі кезең сұранысына сай терминжүйе түзіп, тілімізді ғылыми ақпараттарды тез алатын қуатты құралға, мол мәлімет көзіне айналдыра алсақ қана оның бағы ашылады. Уақыттан ұтылып, мәселені ғылыми негіздеп, кәсіби тұрғыдан шешу орнына боссөзділікке бой алдырып отыра берсек немесе тиімсіз іс-шаралар, жұғымсыз жобалармен жұртты да, өзімізді де алдарқатудан аса алмасақ, ешкімге өкпелеуге қақымыз жоқ. Онсыз да тіл саясатын жүргізу саласында ұтылып жатқан тұстарымыз өте көп. Тіліміздің тынысын кеңейтеміз, ғылым тілін жетілдіреміз десек, салалық терминдер жүйесін жүйеге түсіруге бағытталған нақты істер керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Машинажасау. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Т.7 – Алматы, 2014.- 372 б.
2. Әдебиет және лингвистика. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Т.26 – Алматы, 2014.- 600 б.
3. Іс жүргізу және мұрағат ісі. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Т.28 – Алматы, 2014.- 512 б.

Нұрлан Шүленбаев,

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
терминология бөлімінің ғылыми қызметкері

ТЕРМИНЖАСАМДЫ ЖАНДАНДЫРҒАН КОНКУРС

Ағымдағы жылдың 1-18 сәуірі аралығында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрлігі Тіл саясаты Комитетінің тапсырмасымен «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми практикалық орталығы жариялаған «Қазақы терминдерді халық жасайды» атты республикалық онлайн конкурс өткізді.

Байқау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде байқауға қатысқан кез келген қатысушы «termincom.kz» сайтына қаперінде жүрген кірме сөздерді қазақша термин-нұсқаларымен қоса ұсынды. Ерғалы Серік *коллекционер-жыйдашы, коллекция-жыйда, набор-жыйма, конкурс-екшем, конкурсант-екшемгер, покупка-сатық, рассрочка-созып төлеу, волонтер-қайырпаз, медицинская маска-тұмша, публичная оферта-жария оферта* терминдерін жолдапты. Ал Ақылбек Шаяхмет мырза *шахмат-ханқамау (Ғабит Мүсірепов баламасы), лидер-топжарған, душ-сусебер, линза-көзәйнек, пулемет-оқсебер, очки-көзілдірік, коньки-сырғытпа, клюшка-доптаяқ, штамп-істаңба, снаряд-топ* сынды терминдер жіберіпті.

Мен мына терминдерді ұсындым: *класс (пед.,тар., тех.)-жікше (жіктеме), проблема-түйткіл, проблемный вопрос-түйткіл мәселе, мотивация-түрткіжай, специфика-төлсипат, прессинг-тықсырыс (тықсырым), база-орынжай, гантель-батпантас, ядро-зілшар, экскурсия-топсеруен, бомбардир-сұрмерген, коньки-сырғы, клюшка-сырғытпатаяқ, палатка-шатыржай, фанат-әсірежанкүйер, каната-кермеарқан, гетры-сираққап.*

Бірінші кезең қорытындысы бойынша ұпай санымен 2-орынға тұрақтадым.

Екінші кезеңде ұйымдастырушылар мынадай он шақты жеке, кірме терминдердің қазақша баламасын табуды ұсынды: *бронь, чат, визитка, блогер, батерея, субсидия, банкрот, касса, брифинг, декларация.*

Серік Ерғали бұл сөздерді *«бронь-нығым, чат-бөспе, визитка-танық, блогер-блогер, батерея-қуатша, субсидия-демеупұл, банкрот-*

жұтан, касса-кәш, брифинг-брифиң, декларация-әйгі» ретінде тәржіме жасапты.

Ақылбек Шаяхмет тиісінше «бронь-алдын ала тапсырыс, чат-хабар алмасу, визитка-сипатнама, блогер-ғаламтор жазарманы, батерея-құрылым, субсидия-көмекқаржы, банкрот-жарамсыз деп тану, касса-ақшасандық, брифинг-топжиын, декларация-мәліметнама» деп аударыпты.

Мен бұл сөздерге мына нұсқаларды ұсындым: бронь1.-иеленім, бронь2.-брон, чат-ауызжазба, визитка-танысқы (есімхат), блогер-пікіргөй, батерея-қуатөзек (қуаткөз), субсидия-демқаржы, банкрот-ныспықалыс, банкротство-ныспықалу, касса1.-қаржыжай, касса2.-жиынқаржы, брифинг-лезжиын, декларация-жариятабыс. Екінші тур қорытындысы бойынша ұпай санымен 1-орынға шықтым.

Үшінші кезеңге үш термин жасаушы өтті. Бұл кезеңде екі шағын мәтін ішіндегі жиырма шақты терминнің қазақша нұсқасын табу тапсырылды. Олар мынадай сөздер: элемент, конструктор, серия, модуль, мотор, сервожетек, датчик, камера, сенсор, аккумулятор, авторлық блог, корректор, редактор, фотограф, дизайн, арсенал, спам, фишинг, интернет-маркетинг.

Соңғы турға Серік Ерғали кірме терминдерге мына нұсқаларды жіберген екен: элемент-егжей, конструктор-құрауыш, серия-дүркін, модуль-бөлімшек, мотор-жүргек, сервожетек-сервікелтіргі, датчик-бергек, камера-көргек, сенсор-сергек, аккумулятор-қуатжиғыш, авторлық блог-дербесблог, корректор-қатегер, редактор-мәтінгер, фотограф-фотогер, дизайн-бетажар, арсенал-жыйдақ, спам-спам, фишинг-фишиң, интернет-маркетинг-интернет-маркетин.

Ақылбек Шаяхмет мына сөздерді таңдапды: элемент-жернысан, конструктор-құрастырушы, серия-қатар, модуль-мөлшернама, мотор-қозғалтқыш, сервожетек-құрылымжетек, датчик-өлшегіш, камера-жабық құрал, сенсор-сезгіш құрылым, аккумулятор-жинақтауыш, авторлық блог-басиелік ғаламтор бөлімі, корректор-қате түзетуші, редактор-түгендеуші, фотограф-фотосуретші, дизайн-жоба-жоспар, арсенал-сөзқойма, спам-пайдасыз ақпарат, фишинг-алдампаздық, интернет-маркетинг-ғаламтор-болжам, автор-басие.

Мен өз тарапымнан келесі термин-нұсқалар жолдадым: элемент-затқұрақ, конструктор-құрылымдағыш, серия-топтама, модуль-мөдүл, мотор-күштем, сервожетек-ермежетек, датчик-алғысергі, камера-торқамақ, сенсор-сыртсезгі, аккумулятор-қуатқойма, авторлық блог-

иелмендік блог, корректор-түзетуші, редактор-сарашы, фотограф-бейнегер, дизайн-әсемәр, арсенал-топхана, спам-қысасхат (зорымхат), фишинг-ақпараттұтым, интернет-маркетинг-ғаламтор-саудасипат, автор-иелмен. Сөйтіп, үшінші тур қорытындысы бойынша ұпай санымен 2-орын иелендім.

Марапаттау рәсіміне министр орынбасары Н.Дәуішев, Ә.Бәйменов, С.Әбдірахманов, Ш.Құрманбайұлы, Қ.Иса, Ә.Қаба сынды мемлекет, білім-ғылым, мәдениет қайраткерлері қатысып отырды. Бірінші сөз алған Әлихан Бәйменов: «Термин шығармашылығында жалпы халықтың пікірін тыңдау әлем тәжірибесінде бар. Мысалы, жуырда латыш елінде «платформа» деген сөзге қарапайым қызметкер керемет сөз тауыпты. Оны жалпы жұрт ұнатыпты. Латвия президенті оны өзі шақырып марапаттапды. Халыққа ұнаған терминді Терминком бекіту керек. Ондай термин тез сіңіп, қолданысқа ие болып кетеді. Сондықтан интернет арқылы хылықтың көп дауысын жинаған терминге артықшылық беру керек. Ал бізде, керісінше, кейде Терминком бекіткен сөзді халық қабылдамай жатады. Сол себепті келешекте термин бекіту ережелерін дұрыс жасауымыз қажет» деді.

Қазыбек Иса: «Бұл дер кезінде ұйымдастырылған маңызды да қажетті шара болды. Мамандардың ұсынған терминдері әділ бағаланды, өйткені әрбір термин алаңда тіркеліп тұрды. Мен де оларға түрткі болсын деп біраз терминді жіберіп қойдым» деген ойын білдірді.

Белгілі терминолог-ғалым Шерубай Құрманбайұлы ұйымдастырушылар мен сарапшыларға, мамандарға алғыс білдіре отырып, терминнің принциптері, оған қойылатын талаптарды, ұсынылған терминдер сапасына, терминшілер нұсқаларын талқылау, оған баға беру тәртіптеріне тоқтала келіп, Серік Ерғалидың *серия-дүркін, мотор-жүргек, арсенал-жыйдақ, конкурс-екшем* терминдеріне, мен ұсынған *брифинг-лезжиын, редактор-сарашы, дизайн-әсемәр, спам-қысасхат (зорымхат), автор-иелмен* сөздеріне оң баға берді.

Жеңімпаз Серік Ерғали ағамыз сонау 90 жылдардан бері терминжасаммен айналысып келеді. Өз кезегінде сөз алған ол өзінің терминжасам әдіс-тәсілдерін ортаға салды. Терминжасам күрделі процесс екенін, терминде мағыналық, грамматикалық үйлесім болу қажеттігін, балама сөз жасамас бұрын сөз этимологиясына, түсіндірмесіне (дефинициясына) зор мән беретіндігін ескертіп өтті. Жеңімпаз көнерген сөздерімізді жаңғыртуға да ден қоюды ұсынды.

Расында, алғаш конкурс басталғанда көптеген сала мамандары, терминолог-ғалымдар «терминдерді дауысқа салып бекітуге болмайды, бұл конкурс әділ болмайды, дау-дамай болады» деген сөздерді айтты. Біріншіден, бұл конкурсқа сала мамандары мен бұрыннан терминжасаммен айналысып жүрген терминологтар өздерінің ойларында жүрген терминдерді ұсынып, оны «termincom.kz» сайтындағы алаңға жүктеді, оған мамандар, сарапшылар пікір білдірді. Екіншіден, термин нұсқалар бұқара жұртқа ашық, жария түрде алаңда тіркеліп тұрды. Үшіншіден, бұл жерде қарапайым жұрт ешқандай дауыс берген емес (оған мамандар пікір білдірді) және ұсынылған терминдер әлі бекітілген жоқ әрі бекітілуі үшін бірнеше кезеңдерден өтері белгілі. Төртіншіден, қай маман қандай термин ұсынса да, қандай пікір айтса да, ақырғы сөзді терминжасамның қыр-сырын жетік білетін сала мамандары мен тілшілерден құралған сарапшылар тобы қорытынды шығарып, соңғы нүктесін қойды.

Өз басым терминжасам барысында ерекше бір әлемге – сөз құдіреті атты әлемге енгендей болдым. Тіліміздің байлығына, оның сөзжасам мүмкіндігінің молдығына көз жеткіздім. Екі сөзді барынша қысқа да нұсқа біріктіре отырып, синтезделген, мағынасы түсінікті де кең, айтылуы, естілуі мен жазылуы ыңғайлы да көркем сөзнұсқа табуға тырысып бақтым. Өйткені терминге қойылатын талаптардың ең бастылары, бірі және бірегейі – қысқалықпен дәлдік саналады. Терминнің мейлінше түбір, туынды, біріккен сөзден болғаны абзал. Кезінде «өнімсіз жұрнақтар», «рең мәнді жұрнақтар» атап келген қосымшалардың сөзжасам әлеуеті молдығын түсіндім. Олардың әрқайсысының да сөзге үстеме мағына, рең беретін, тіпті сөздің екінші сыңары бала алатын қабілетін аңғардым. Осындай тасада қалған жұрнақтарды қайта жүйелеп, жаңғырта зерттеудің қажеттілігін сезіндім. Мен ұсынған *лезжиын (брифинг)* сөзі болашақта Терминкомға бекітуге ұсынылатын терминдер тізіміне енсе, *тықсырыс (прессинг)* сөзі үздік терминнің бірі саналды.

«Он ойланып, тоғыз толғанып», шебер мүсіншідей «қырық қырнап, бір сырлап» жасаған төл термині әркімге дүниеге әкелген жасампаз, теңдессіз туындысы іспеттес. Оны қолдайсың да қорғайсың. Сәтсіз жасаған терминдерің үшін уайым шегесің, ұяласың, кейін «әттеген-ай, неге олай жасамадым, былай беру керек еді» деп өкініш білдіресің. Солайша, сан түрлі эмоцияға, неше түрлі психологиялық күйді бастан

кешіресің, толғаныс пен тебіреністе боласың, кейде ерекше бір шабытқа бөленесің, сәтті термин шығарсаң, шаттыққа кенелесің. Кейде тіліңе керемет бір құйқалы сөздер, сөз орамдары «құдай таңдайыңа салғандай» орала кетеді.

Терминжасам процесіне байланысты менің ұсыныстарым:

- терминдерді мейлі маман ұсынсын, мейлі қарапайым адам ұсынсын терминалаңға тіркеп, мамандар мен халық талқысына жан-жақты түсуі, оларға қатысты пікір айтылуы қажет;

- жалпы халыққа, мамандарға ұнаған терминдер салалық мамандар мен тілші мамандардан құралған сарапшылар талқысынан өтуі тиіс.

- сарапшы пікірін алған терминдер уәкілетті органдар (ЖОО, ҒЗИ, әкімдік және т.б.) тарапынан да талқыланып, қарастырылуы орынды;

- бұл кезеңнен өткен терминдерді Тіл білімі институтының ғалымдары талқылап, мақұлдап барып, Терминкомға бекітуге ұсынғаны дұрыс;

- барлық кезеңде талқыланған дайын терминді ғана Терминком бекітіп, оны кейіннен барлық ақпарат құралдарында жариялағаны жөн.

Белгілі бір затқа атау бермес бұрын оның түрлі қасиеттерін (қызметін, пішінін, құрамын, материалын, т.б.) ой таразысынан өткізіп, зерделеп зерттеп алу қажет. Кірме сөзге төл тілімізден балама беру үшін сол сөздің этимологиясына, түсіндірмелеріне (дефиницияларына), әртүрлі тілдерде белдіретін түрлі мағыналарына, қолданыс аясы мен ерекшелігіне баса назар аударған дұрыс.

Әрине, біз ұсынған терминдер өміршеңдігіне еш жорамал жасай алмаймыз, күні ертең-ақ еніп, халыққа сіңісіп кетеді деуден аулақпыз. Мәселе – сапалы терминдерді терминалаңға жинап, қалың бұқараға жариялай беру. Мысалы, шаңғы деген сөзді алайық. Оның этимологиясы қандай, оны кім ұсынды, негізінде «шаң» түбіріне «-ғы» қосымшасы жалғану арқылы жасалған ба, ол жағы – беймілім, бірақ халық әлдеқашан қабылдап, сіңісіп кеткен сөз. Мен де осы сөздің (*шаңғы*) жасалу тәсілімен сырғы (*коньки*) сөзін ұсынған едім. Бұл термин құралдың қызметіне қарай жасалған термин деуге келеді.

Терминжасам барысында бізге көнерген сөздеріміз де көмекке келеді, яғни ұмыт қала бастаған сөздерімізді қазына тауып алғандай, қайта жаңғыртып, оларға жаңа терминдік мән үстеп, олардың мағына аясын кеңейте отырып, қайта қолдану да өте маңызды. Тіпті өзіміз ауызекі тілде күнделікті тұрмыста қолданып жүрген сөздеріміздің де кірме сөздерді алмастыру әлеуеті зор, тілімізде бар сөздерді елемей, жаңа сөз

іздеп дал болатын кездеріміз де болады. Ол үшін тілді терең меңгеріп, оның құнарымен сусындап, тұңғыйығына терең бойлай алу қажет.

Терминдерді сөз тіркесінен, ұзын сонар сөйлемшеден жасауды доғару қажет. Ондай сөз термин емес, оның түсіндірмесі (дефинициясы) болып шығады. Түбір, туынды, біріккен сөзден жасалған терминдердің де мағынасына, құрамына, жасалу жолына мұқият болған дұрыс. Олардың мағыналық-грамматикалық жағынан дұрыс үндесуі, кірігуі қадағаланады. Қысқалықтан, үнемділіктен қашпау керек. «Сөзді қысқа берсек, терминіміз мағынасыз жасалады, керексіз болып қалады» деп қорқамыз. Орыс тілінде неге сөз көп. Өйткені олар екі сөздің бастапқы түбірлерін алып немесе сансыз көп жұрнақтарының бірін жалғап сөз жасай береді. Бұдан жүз жыл бұрын сол жасаған сөздеріне халықтың көпшілігі риза болмай, күлген де шығар. Ендеше, сөздің халыққа сіңуі де, тілден шығып қалуы да уақыт еншісінде. Кез келген тілдік элементтің сапалы не кемшіл жақтары оны қолданғанда (жазғанда, айтқанда, естігенде) белгілі болатынын тәжірибе көрсетіп келеді.

Қорыта айтқанда, аталған конкурс өз дәрежесінде өтті. Онда біреуді алалау, кемсіту, екінші біреуге артықшылық берілді деуге келмейді. Өйткені алаңда кімнің қандай термин ұсынғаны, олардың сапасы, мамандар берген пікірлер, бағалар, жинаған ұпайлар «тайға таңба басқандай» анық көрініп тұрды. Ұсынылған терминдерді көру, оларға пікірін білдіру кез келген адамға қолжетімді болды. Олай болса, бұл конкурс терминжасамға жаңа серпін берітін, оны іс жүзінде дамытуға арналған пайдалы іс-шара деуге болады.

Ендеше, әлемдік жаһандану заманында тілдік бет-бейнемізді лайықты сақтап қалуды ойласақ, ұлттық терминологиямызды дамыту, оны төл сөздеріміз арқылы байытуды ойластырайық. Әрине, бұл кірме сөздерді жаппай аудару беру деген сөз емес. Әлем халықтарының бәріне сіңісіп кеткен күнделікті қоғамдық қатынастарда жиі қолданынылатын ортақ терминдерді мейлінше аудармай берген де дұрыс болады. Кірме сөздің мағынасын дәл беретін сөз табылғанда ғана аударма сәтті аударма болып есептеледі. Олай болса, жаппай аударамыз деп жүріп тілге қиянат жасап алудан да сақ болайық.

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ДАМУЫҒА АРНАЙЫ ТЕТІК КЕРЕК

Тіліміздің дамуындағы термин мәселесі әліде өзекті. Терминді қазақшалау лексикалық қорды байыту, ең әуелі тілдің ғылыми саласын дамыту. Сол себепті, тілдің қаншалықты лексикалық қоры бай болса да, оның терминдік жұтаңдыққа тап болуы заңды да. Терминологияны дамытуға сөздерді «тізіп терминге айналдырудың» қатысы жоқ, ең әуелі сәйкес ғылыми саланың дамуына тәуелді.

Терминология - белгілі бір ғылыми ойлау жүйесінің даму нәтижесі. Егер де ғылыми салалар қазақ тілді ғалымдармен қамтылмаса, ал олардың жұмысы өз тіліндегі ғылымды дамытуды қамтымаса, сол саладағы терминология да тоқырайды. Сондықтан терминология саласын біржақты Мемтерминкоммен шешу мәселені жартылай және жасанды жолмен ғана қарастыру болмақ.

Сайып келгенде, қазақтілді терминология қазақтілді сәйкес ғылыми салалардың дамуына бірден бір тәуелді нысан, сол салаға сәйкес қазақтілді ғылыми орта нығаймай, оның тілін ортасыз дамыту жасандылыққа душар етіп, одан ештеңе шықпайтынына назар аударатын уақыт келді. Біздің кәзіргі терминологияның жайы да осымен шамалас ахуалды бастан кешіп отырғаны жасырын емес. Терминология саласындағы мәселелер шешілуден гөрі кейбір күрмеулі сипатқа ие болып отырғаны да сондықтан. Бұл – бір мәселеден өзге мәселенің туындап отырғанының айғағы. Енді туынды мәселелерді санамалап көрейік.

Бірінші. Қоғамдық ортаның талқылауында термин мен жаңа ұғымдар, сөз тіркестері мен лексикалық бірліктердің әуесқойлық форматта қаралуында. Терминнің өзі - ең әуелі ғылыми тілдік нысан. Ендеше, оны қарастыратын да, қолданатын да, тіпті дамытатын да ғылыми субъект болуы керек еді. Бұл мәселені шешуден біздің ғылым субъекттері аласталған секілді енжар немесе олардың дауысы ескерілмейді және оларға қазақтілді терминологияны дамыту міндеті толық жүктелмеген болмаса ғылыми лингвистикалық бастаманы алға бастыратын тетік жоқтықтан осындай халды кешіп отырмыз. Ғылыми кеңестердің тер-

минмен айналысу мүмкіндігі мен әлеуеті қарастырылмаған. Содан келіп, бұл күрделі мәселе ғалымдар мен сарапшылардың емес, қарапайым тіл жанашырларының, ұлтшылдық нысанына айналған.

Өз кезегінде әлгі термин тудырушы «жанашыр топ» қазақтілді термин мен неологизмді қоздатып, терминологияны ұшқары көріністерге ұрындыруда. Сала мамандарының міндетіне қол сұққан әуесқой лингвистер мен тіл жанашырлары аталмыш салалық терминологияға пайдасынан гөрі, қолданымы жарамсыз жасанды «неологизмдерді» балалатып, залалын келтіруде. Ал, бұл жайт аталмыш сала бойынша білім негіздерін қазақ тілінде оқып сіңіруді ауырлатып, білім тұтынушы жастарды қазақтілді білім көздерінен шошытуда, қашыруда. Олар амалсыз түрде орыстілді білім көздеріне жүгініп, нәтижесінде қазақ тіліндегі тұрмыстық деңгейді меңгерген орыстілді маманға айналуда.

Терминологиясы әрі-сәрі ЖОМдардағы (жоғарғы оқу мекемесі) білім беретін қазақтілді бөлімдер мемлекеттік тілдегі оқулықтармен, керек-жарақпен қамтылмастан, қазақтілді студенттердің, аспиранттардың орыс тілінде оқуы дағды мен нормаға айналып, ақырында қазақтілді ғылым тілі тоқырауды бастан кешуде.

Екінші. Қазақ тілді терминологияны дамыту мәселелері тілдік сұраныстан гөрі, тілдік кембағалдықтан (неполноценность) туындап жатқандай сыңайы бар. Мәселен, терминнің қазақшалануы ғылыми ортаның сұранысынан емес, ең әуелі отаншылдық тұрғыдан тіл жанашырларының араласуынан жаппай қазақша терминдету қозғалысын туындатып жіберді. Бұл сырттай қарағанда, қазақ тілінің лексикалық қорын байытушы, тілді тазартушы сипаттағы үдеріс болып көрінгенмен, терминология мәселесін қарастыру ғылыми үдерістен тыс, маманданған негізде емес, қоғамдық сипатты болғандықтан, керісінше, тілдің лексикалық қорын әлдебір лингвистикалық вируспен былғайтын, тілдік жүйені ыдырататын және тіл тұтынушыларын жирендіретін ахуалға әкеліп соғуда.

Уәжіміз жалаң болмасын, мысал келтірейік. Тілге соңғы жылдары зорлап-зомбылап кіріктірген программа, лидер, рыйнок («рынок» деп орысша жазып жүргенімізді мойындайық) сөздерінің баламасы болып жүрген бағдарлама, көшбасшы, нарық неологемдері арқылы қазақ тілі байыды ма, лингвистикалық жүйесі нығайды ма, сөзжасам қабылеті артты ма?! «Иә» деуге асықпайық! «Ориентир» ұғымын беріп келген «бағдар» сөзі арқылы қазақ тілі «ориентировка» ұғымын беретін «бағдарламадан»

қағылып қана қойған жоқ, осындай қатардағы сөздердің қазақша баламасын тудыру үдерісі тұйыққа тірелді.

Бұған дейін «аялда» етістігінен «аялдама» зат есімін тудыру қалыптасқан үдеріс болса, енді кемінде 6-7 салалық мағынасы бар «программа» сөзін бір ғана дәйексіз сөзбен баламалау тәжірибесі пайда болды. «Бағдарлама» сөзі белгілі бір бағытты жалпылама дөрекі түрде бетке алу мүмкіндігі болса, «программа» ұғымы нақты тәсілдер мен мүмкіндіктер қарастырылып, қойылған мақсатқа, межеге нақты жету жолы болып табылады. Нәтижесінде қазақ лексикасын «тонайтын» шала терминге тап болып отырмыз.

Бұған қоса, тіліміздегі белгілі бір нысан (әскер, ел, жол) бойынша басшылықты білдіретін қолбасшы, елбасшы, жолбасшы сөздерінің жасамдары енді белгілі бір топтың, лектің ұшы, басы дегенді білдіретін «лидер» сөзіне «көшбасшы» деген жадағай да жасанды сөзді балау арқылы тәрк етілді; «лидердің» ешқандай басшылыққа қатысы жоқтығы ескерілмеді, сөйтіп, тілдің морфологиялық әлеуетіне нұқсан келтірілді. Термин дефинициядан ажырады. «Лидер» қазақшаланғанмен, қазақ тілінің сөзжасам қасиетінің кейбір мүмкіндіктеріне нұқсан келді. Осылайша, аталған жаңа сөздер арқылы «қазақ тілі нығайды ма?» деген сауалға берілетін жауап жоқ, тұйыққа тіреліп отыр.

Белгілі ғылымтанушы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Орақ Жолмырзаұлы Әлиев кәзіргі сіңісті болған «өркениет» пен «мәдениет» терминдерінің орны ауысқанын дәлелдеп тастағалы бірнеше жылдың жүзі болды. Оның дәйегінше: культура – мәдениет емес, өркениет, өйткені, ол терминнің басында ауыл шаруашылық сипаты жатыр, егіннің белгілі бір дақылды өркендету мазмұны жатыр, ал «цивилизация» ұғымында қалалық тірліктің мазмұны сіңген гректің «қала» сөзін білдіретін латынның *civilis* деген адам дамуының өлшемін байқататын қала ұғымымен шендеседі. Ал біз ол сөзді «мәдениет» ретінде керісінше «культураға» қолданып жүрміз. Бұл сөз араптың Мәдине қаласының атауы, ендеше бұл Орекең айтқандай шынында да «цивилизацияға» сұранып тұрған термин емес пе?!

Енді бір мысалға назар аударайық. Бірнеше ғасырлық тарихы бар «рыночная цена» ұғымын беріп келген нарық сөзі зорлықпен «рынок» ұғымының баламасы болып таңылды. «Сауда орны» ұғымымен бірге «тауар айналымының алаңы» деген ұғымды бере алатын «рынокқа» одан да «базар» сөзі лайық емес пе еді?! Сөйтіп, «нарық-рынок» балама-

сы арқылы тілдің талай ғасырлық қалыптасқан лексикалық мазмұнын тәркілеу жүзеге аса бастады.

Ондап саналатын бұл нәтижелер тілімізге ене бастаған әлемдік неологемдерден өш алып жүрген Дон Кихотты елестетеді. Мұндай көріністердің астарында шын мәнінде, біздің тіліміздің ішкі қуатын күшейтумен айналысудан гөрі, терминологиялық әуесқойлық дағды орын алған, халықаралық ұғымдар мен терминдерді түсінбеуден туатын құрметтемеу және қабылдай алмау кембағалдығы мен қазақ лексикасын дамыту жолындағы шыдамсыздық жатыр.

Үшінші. Терминологиямен айналысатын тиянақты ғылыми-мемлекеттік құрылым жоқ. Кәзіргі ғылыми сипаттан алшақ үдерісті қолданып, қазақша термин тізімдерін бекітумен айналысатын Мемлекеттік терминологиялық комиссияны ғылыми алқаға да, мемлекеттік құрылымға да, тіпті, термин мәселесіне тиянақты араласатын қоғамдық ортаға да жатқыза алмаймыз. Бір қызығы сол – мемтерминком бекіткен терминдердің міндетті қолданымдық құзыры жоқ. Оның үстінде бұл комиссияның атауында «мемлекеттік» анықтауыш болғанмен, терминді мемлекеттік тұрғыдан қарастыратын мемлекеттік құрылым емес. Себебі, жылына анда-санда жиналып, қолға түскен термин жобасын талқылайтын бұл құрылым форматы жағынан қоғамдық алқаға жатады.

Мемтерминкомның термин мәселесін жүйелі шешетіндей қауқары да, мүмкіндігі де жоқ. Ғылыми салалық кеңестермен де, қоғамдық ортамен де тығыз да жүйелі қатынас орнатылмаған. Ұсынылған баламаларды алдын ала талдайтын, сараптайтын зертхана жоқ. Термин жобаларын жариялы түрде талдауға арналған заман талабына лайық бұқаралық ақпарат-жаршы құралы тағы жоқ. Нәтижесінде қарастырылған терминдер субъективтік сипаттан әріге аса алмауда, бекітілген терминдер лингвистикалық ортаның сенімінен шыға алмай, көбіне күмән мен дау тудыруда. Бекітілген терминдеріміз де дәйексіз ономастикалық ахуалдың кебін киюде. Тіпті, бір билік өкілінің терминге қатысты пікірі әлгі лингвонисанның тағдырын шешіп жүргені адам жылатар жағдай.

Жалпы, Мемтерминком - Кеңестік өкімет талабы мен тоталитарлық қоғам тудырған және ақпараттану қарқыны бәсең кезеңге тән өткен шақтың құрылымы. Оны заман мен тілдің даму талабына сәйкестендіруді ойластыратын уақыт келді. Қысқасы, Мемтерминкомның кәзіргі ахуалы қазақ тілінің терминологиясына үлес қосатындай тіл талабы мен заман қарқынына ілесетіндей құрылым бола алмай отырғанын мойындау

- әлдекімдерді жазғырудан туындаған жайт емес, мемлекеттік тілдегі тоқыраған ғылым тілін ғылыми ортаның жанды қатынас құралына айналса деген аңсардан туындаған ортақ уәж.

Сонымен, қазақ терминологиясын дамыту үшін не істеу керек? Біздің пайымымызша, ол үшін төмендегідей ұстанымдар ескерілгені жөн:

- термин – ғылыми нысан, бірақ жалпыға ортақ тұтыным сипаты бар лексикалық бірлік;

- термин дамыту мәселесі - мемлекеттің араласу міндеті болып табылатын мемлекеттік тілді дамыту саласы, бірақ термин қалыптастыру – тілді қолдану үдерісіндегі қоғамның ортақ міндеті.

Аталмыш ұстанымдарды ескерсек, терминологияны дамыту құрылымы төмендегіше түрде өзінен өзі туындайды.

Біріншіден, қазақ терминологиясын дамыту тұжырымдамасы мен сәйкес нормативтік акт қажет.

Екіншіден, белгілі бір ғылыми кеңес, технологиялық ұжым немесе мемлекеттік мекеме мүдделі бола тұрып, нақты терминді қазақшалауға немесе неологемдік сұраныс жасайтындай алгоритм орнығуы керек.

Үшіншіден, белгілі бір терминді қазақшалауға немесе неологемдік ұсыныс жасауға сәйкес түрде салалық ғылыми кеңес, кафедра, технологиялық ұжым немесе мемлекеттік мекеменің, тіпті, жекедара сарапшының қақы болуы тиіс.

Төртіншіден, мемлекеттік тараптан терминологияны дамытуға бағытталған, жаңа терминдер мен неологемдерді зерделейтін ғылыми терминологиялық зертхана болғаны жөн.

Бесіншіден, сұранысқа сәйкес түскен ұсыныстардың талқысы жариялық сипатта жүруі керек, ол үшін арнайы электрондық сөзжария (сайт, портал) лайықты құрал болар еді.

Алтыншыдан, Терминологиялық зертхана мен ғылыми кеңестердің талқысынан өтіп, сұрыпталған ақырғы терминдік бірліктер сәйкес министрлік (Білім және ғылым) құзырымен сынақтық мерзімге қолданысқа ұсынылғаны жөн.

Жетіншіден, сынақтық мерзімнен өткен терминдер үкіметтік терминологиялық комиссия қаулысымен бекуі тиіс.

Осылайша құрылған терминологиялық ғылыми-мемлекеттік-көпшілік құрылым жалпы тіл тұтынушылары мойындайтын және баянды да дәйекті термин саласын дамытып қана қоймай, бұл саладағы ұшқарылық пен тоқырауды жояды деген сенім бар.

ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ

XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы

Қазақ терминологиясының даму тарихын бірнеше кезеңге бөлуге болады. Әр кезеңнің басты сипатын, өзіндік ерекшеліктерін анықтау арқылы қазақ терминтану ғылымының дамуы мен ұлттық терминологиялық қорымыздың қалыптасу тарихын ғылыми тұрғыдан зерделей аламыз.

Ұлттық терминологияның алғашқы кезеңі сонау 1920-1930 жылдарға, екінші кезеңі 1930-1960 жылдар аралығы, ал үшінші кезеңі 1960 жылдан қазіргі уақыт аралығын қамтиды деуге болады.

XX ғасырдың 1920-1930 жылдары ұлттық ғылым тілі қалыптасты. Қазақ зиялылары термин, терминологиялық сөздіктер жасау ісін қолға алып, қазақ терминологиясының негізі қаланды. Терминологияны дамытудың бағыт-бағдарын, басшылыққа алтынатын қағидатарын қазақ зиялылары белгіледі.

Алдағы уақытта қазақ терминологиясының қалыптасу мен өркендеу жолдары туралы материалдарды үнемі жариялайтын боламыз. Мақсатымыз қазақ терминологиясының өткеніне көз жүгіртіп, бүгінгі жайкүйін, жетістік-кемшіліктерін айқындап, болашақ даму бағыттарын бағамдау. Бұл тұрғыдан қарағанда өткен кезең тәжірибесін зерделеп, одан тағылым алу өте маңызды. XX ғасыр басындағы алаш оқығандарының терминжасам тәжірибесіне үңіліп, олардың қаламынан туындаған атауларды саралап, салыстыра отырып, ұтымды жасалғандарын қазіргі кейбір сәтсіз неонимдер мен баламасы табылмай жүрген кірме терминдермен алмастырып, қайта түлетуге болады. Бұл ұлттық терминжасам тәжірибесіндегі сабақтастықты сақтау үшін де, терминология тарихы қажетті жұмыс.

Осыны ескере тырып біз төменде XX ғасырдың 1920-1930 жылдары жарыққа шыққан мақалаларды назарларыңызға ұсынамыз.

ДҰРЫС ПА? БҰРЫС ПА?

Қазақ тілінде түпкі мағанасы белгісіз сөздер бір сыпыра бар. Мәселен:

ұлан	еңгезер
шаңқан	қырым
байыс	
жүр	дар
көксіл	кере
бағы	мама
сүмбіл	мәре-сәре
күпті	шоқ-шоқ
мұнтаз	толағай

Осы сөздерді сөйлемге қосып көрейік: *бойы еңгезердей, құс баласы қырымға қарайды, дардай болып балаға неге тиесің? Су ма, кереңді іш! Мама біине мәре-сәре болдық. Шоқ-шоқ, саған аз. Толағайланып қалды. Ұлан жаздай ән салсаң Шаңқан бөз. Шаңқан түс. Қазақ көксілдері қай заман, мына заман бағы заман. Сүмбіл шаш астан күпті болды. Мұнтаздай болып отыр. Жұрдай болып жүр. Төрт байыстың баласы. Соңғы Қаракерей Қабанбайдың жырында келеді.*

Потаниннің Манғолияны зерттеген кітебінде ұйқас сөздер кездеседі.

Орысша	Қазақша	Мағылшасы
вал (стена)	қырым	херим крым
князь	пайыс	бейсы
красное	ұлан	улан
белый	шаңқан	цоган
большая вода	дар	дар
холм	толағай	талогой
солнце и луна	мәре-сәре	нара-сара

Мағыл түрік тілдері тұқымдас екендігі, кейбір сөздердің ортақ екендігі белгілі. Сондықтан мынау мағылша сөздер біздің іздеген түпкі мағналарымызды тауып беруге жарай ма? Арғын, найман, қоңырат, жалайырдың мағылдан шыққаны анық болса, осылардан тараған сөздер болмай ма?

Қазақша	Орысша	Азарбайжанша	Түрікше
бағы	самозванец	бағы	
сүмбіл	колос	сінбіл	
мұнтаз	отличный	мұнтаз	
шоқ-шоқ	много-много		чоқ-чоқ

Бұлай шендестіру дұрыс па? Бұрыс па?

